

БАҚ үшін хабарлама

2018 жылы «ҚазАгро» Холдингі АӨК субъектілерін қаржыландыруға 400 млрд. теңге бағыттады

Агроөнеркәсіп кешені субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру міндеті «ҚазАгро» Холдингінің қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде несиелеу арқылы, сондай-ақ АӨК субъектілерін одан әрі қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді (ЕДБ), несие серіктестіктерін, микрокредиттік ұйымдар мен лизингтік компанияларды қорландыру арқылы шешіледі.

Саланы қаржыландыру көлемі өткен жылы 400 млрд.теңгені құрады – бұл Холдинг пен еншілес компаниялардың барлық жұмыс істеген жылдары бұрын-соңды болмаған көлем және ол 2017 жылғы деңгейден 50% - ға (266,7 млрд. теңге) артық. Бұл көлемнің 96% - ы (немесе 385 млрд. теңге) несиелер мен лизингке бағытталған (ұзақ мерзімді қарыз үлесі 90%). 20 мыңға жуық несие берілді, 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды және 56 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды. Бұл туралы 2019 жылдың 18 сәуірінде Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінде «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландырудың қолжетімділігін арттырудағы проблемалық мәселелер» тақырыбындағы дөңгелек үстел барысында «ҚазАгро» активтер және инвестициялар жөніндегі басқарушы директор Асылхан Джувашев мәлімдеді.

Банктердің ауыл шаруашылығын қаржыландыруға деген қызығушылығының төмендеуі аясында, Холдинг жеке қаржы ұйымдары – несие серіктестіктері, микроқаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар арқылы қаржы қызметтеріне қол жеткізу арналарын белсенді кеңейтіп отыр. Оларды қорландыру арқылы несие беру көлемі 132 млрд.теңгеге дейін ұлғайды немесе алдыңғы кезеңнің көлемінен шамамен 48% - ға өсті және Холдингтің жалпы аграрлық саланы несиелендіру көлемінің 34% - дан астамын құрады, - деп «ҚазАгро» өкілі нақтылады.

Бүгінгі күні несие беру нарығында фермерлер тарапынан Холдинг ұсынатын құралдарға сұраныс өсуі байқалады.

Дөңгелек үстел барысында Мәжіліс депутаттары тарапынан өз шешімін және көмек көрсетуді талап ететін мәселелер қарастырылып, шешу жолдары да ұсынылды.

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ өзінің құрылымына кіретін компаниялардың инвестициялық активтерін тиімді басқару арқылы, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша мемлекеттік саясатты іске асырады. Холдингтің құрамына «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ, «ҚазАгроӨнім» АҚ, «ҚазАгроКепіл» АҚ және «ҚазАгроМаркетинг» АҚ енеді.